



КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ХАЛҚЫҢЫҢ ИНВЕСТИЦИЈАЛЫҚ  
МӘДЕНИЕТІ МЕН ҚАРЖЫЛЫҚ  
САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ  
2007–2011 ЖЫЛДАРҒА  
АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫ

ПРОГРАММА ПОВЫШЕНИЯ  
ИНВЕСТИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ  
И ФИНАНСОВОЙ ГРАМОТНОСТИ  
НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН НА 2007–2011 ГОДЫ

БАНКТИК

# ӨНІМДЕР

өз қаражатыңды басқаруды үйрен



Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі

# БАНКТІК ӨНІМДЕР

01

бет	
02	Кіріспе
02	Банк және оның негізгі функциялары
02	ҚР қазіргі банктік жүйесінің ұйымдастырылуы
02	Банктік өнімдердің негізгі түрлерінің тізімі
02	Банк шотын ашу
03	Қарыз
	кредит түрлері
	кредит рәсімдейміз
	кредит бойынша қамтамасыз ету
	кредиттік тарих
	кредиттің екінші жағы
07	Депозиттер
	депозиттердің шарттары
	салымдардың түрлері
	Депозиттерді кепілдендіру қоры
11	Төлем карталары
	дебеттік карта
	кредиттік карта
	қолданудағы сақтық шаралары
13	Өзге банктік қызметтер
	ақша аударымдары
	зейнетақы мен жәрдемақы алу
	чектермен жасалынатын операциялар
	алтынмен жасалынатын операциялар
	сейфте сақтау
17	Интернет-банкинг

## Кіріспе

### Банк және оның негізгі функциялары

Банк – бұл ақша қаражаттарын шоғырландырып, мемлекеттік өкілеттік органның лицензиясына сәйкес банктік және өзге операцияларды іске асыратын коммерциялық ұйым.

Банктер функциялары мен орындайтын операцияларының сипатына сәйкес бөлінеді:

- эмиссиялық;
- коммерциялық;
- инвестициялық;
- экспорттық;
- тұрғын үй/ тұрғын үй құрылыс;
- жинақ және т. б.

### ҚР қазіргі банктік жүйесінің ұйымдастырылуы

Қазақстанның қазіргі банктік жүйесі екі деңгейден тұрады. Ұлттық Банк мемлекеттің орталық банкі және банктік жүйенің жоғары (бірінші) деңгейі болып табылады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасындағы бағалар тұрақтылығын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының ақша-кредиттік жүйесінің тұрақтылығын сақтау, банк кредиторларының, олардың салымшылары мен клиенттерінің мүддесін қорғау. Қазақстан Даму Банкінен басқа барлық банктер төменгі (екінші) деңгейді құрайды, оларды сонымен қатар екінші деңгейлі банктер деп атайды.

### Банктік өнімдердің негізгі түрлерінің тізімі

Екінші деңгейлі банктер қаржы қызметтерінің көптеген түрлерін көрсетеді. Олар ақша айналымын ұйымдастырады, олар арқылы халық шаруашылығын қаржыландыру іске асырылады, олар халықтың ақша салымдарын және әр түрлі төлемдерін қабылдайды, төлем карталары бойынша қызмет көрсетеді, сейфтік сақтау қызметтері мен т.б. қызметтерді көрсетеді.

### Банк шотын ашу

Банк шоты сізге кез-келген уақытта ақша салып, өзіңізге қажет болған жағдайда алуға мүмкіндік береді. Егер ақша сіздің шотыңызда болса, сіз оларды үлестіре отырып, бір бөлігін депозитке, екінші бөлігін коммуналды қызметтерді төлеуге немесе Интернет қызметтері үшін төлем жасауыңызға болады. Сонымен қатар, ақша алушылары әр түрлі ұйымдар болуы да мүмкін, мұнда бір ғана шарт бар – сіз олардың банктік реквизиттерін (ұйымның банктік шоттары) білуіңіз қажет.

Банктік шоттардың келесі түрлері болады:

- Ағымдық
- Жинақ
- Карталық шоты

Ағымдық шот Қазақстанда көрсетілетін банктік қызметтердің ең танымалдарының бірі болып табылады. Екінші деңгейлі банктер ағымдық шот бойынша қызметтердің келесі түрлерін ұсынады:

1. Қолма-қол ақша түрінде немесе басқа шоттардан аудару арқылы түскен ақшаны клиенттің шотына қосу;
2. Клиенттің шотынан клиенттің тапсырмасы бойынша клиентке немесе үшінші тұлғаларға ақша аудару;

3. Клиентке шоттан қолма-қол ақша беру;
  4. Клиенттің талабына сәйкес шот бойынша үзінді беру (сіздің қаржы операцияларыңыз туралы есеп);
  5. Банктік шот шартында ескерілген өзге де қызметтер.
- Аталған қызмет түрлерінің барлығы ақылы екенің ұмытпаңыз, басқа сөзбен айтқанда банк ағымдық шот бойынша банктік операцияларды іске асырғаны үшін комиссия алады.

Банктік ағымдық шот ашу үшін ҚР азаматынан талап етілетін құжаттар:

1. Жеке куәлік немесе төлқұжат;
2. Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің куәлігі (СТН)

Шет мемлекеттерінің азаматтарынан ағымдық шот ашу кезінде талап етілетін құжаттар:

1. Жеке тұлғасын куәландыратын құжат (шетел мемлекетінің төлқұжаты; азаматтықсыз жеке куәлік, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруы үшін берілген ықтиярхат);
2. Салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын салық қызметі органымен берілген құжат көшірмесі.

Жинақ шоты банкте ақша сақтау үшін қажет, сонымен қатар салымшы салған ақшасына есептелген пайыздар түрінде табыс алады және кез-келген уақытта ақшасын қайтарып алуға мүмкіндігі бар болады.

Карталық шот өз кезегінде банктік шоттың бір түрі болып табылады, оның ерекшелігі мұнда сіз ақшаңызды карта арқылы басқарасыз. Карталық шотқа кейін карта көмегімен ғана жұмсауға арналған қаражаттар енгізіледі.

### Қарыз

Қарыз – Банктің жеке тұлғаға кәсіпкерлік қызметтен басқа мақсаттарға мерзімділік, қамсыздандырылғандық, ақылы болуы мен қайтарылуы шартында ұсынылатын ақша.

Қарапайым сөзбен айтқанда, банктік қарыз дегеніміз банк нақты сыйақы мөлшерлемесін белгілеп, нақты бір мерзімге қарыз алушыға беретін ақша, ал қарыз алушы өз кезегінде қарыз сомасына пайыздық мөлшерлемені қосып, сонымен қатар шартта көрсетілген өзге де сомаларды қосып қайтарады. Бүгінгі таңда аталған банк қызметтері халық арасындағы ең кең тараған банктік қызмет болып отыр.

### Кредит түрлері

Кредиттердің алуан түрі болады: мемлекеттік қарыз – мұнда кредитор немесе қарыз алушы мемлекет болады, екінші деңгейлі банктер халыққа әр түрлі мақсаттар мен бизнес-жобаларды жүзеге асыру мақсатында беретін коммерциялық қарыздар. Халық арасында кең тараған кредиттердің түрлері:

- Тұтынушылық қарыздар;
- Ипотекалық (тұрғын үй) қарыздары;
- Автокредиттеу;
- Экспресс – қарыздар.

### Тұтынушылық кредит

Тұтынушылық кредит – жеке тұлғаларға кәсіпкерлік қызметті іске асыруға байланысты емес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу үшін берілетін қарыз.

Кредиттің бұл түрі алуан түрлі мақсаттарға беріледі. Сіз кредиттің бұл түрін пайдалана отырып ақшаңыз жетпей жүрген тұрмыстық техника, жиһаз, қажетті тауарлар сатып алу мүмкіндігін аласыз. Сондай-ақ, тұтынушылық кредитті пәтерді жөндеу мен шетелге саяхаттау мақсатында алсаңыз да болады.

Банктер кредиттің мұндай түрі бойынша жұмсалған ақша туралы есептің бер-

ілуін талап етпейді. Бірақ банк өзіне қабылдап отырған тәуекелдіктерді барынша төмендету мақсатында сізден қажетті құжаттар пакетін талап ететінін ұмытпаңыз. Қарыз беру шарттары мен ұсынылатын құжаттар тізімі банктер арасында әр түрлі болады. Талаптар қатал болған сайын пайыздар төмендей түседі. Бұл да банк өзіне артатын тәуекелдіктерді азайтумен байланысты болып келеді.

### **Ипотекалық (тұрғын үй) кредиті**

Ипотекалық кредит – жылжымайтын мүлікті кепілдік ретінде бере отырып өндірістік немесе тұрғын үйді сатып алу үшін берілетін ұзақ мерзімдік қарыз. Ипотека – әдетте 20 жылдық мерзімге берілетін және сізге үйлі болуға көмектесетін қарыздың түрі.

Ипотеканы алуға ниет білдірген азаматтарға қойылатын негізгі талаптар:

1. Қарыз алушы Қазақстан Республикасының азаматы болуы тиіс;
2. Қарыз алушының жасы 21 мен 56 жас аралығында болуы тиіс, бірақ кредит бойынша төлемдер қарыз алушының зейнеткерлікке шығуына дейін жасалынып бітуі тиіс;
3. Қарыз алушының тұрақты табыс көзі болуы тиіс.

Кредиттің көлемі үш негізгі факторға тәуелді болады: отбасының ай сайынғы табыс деңгейі, кредиттеу мерзімдері мен тұрғын үй құны. Тұғын үй құнына алғашқы жарна мен қарыз сомасы енеді. Жоғарыда көрсетілген шамалардың біреуін ауыстыру арқылы, кредиттеу мерзімі, алғашқы жарна немесе қарыз көлемін сіз банк қызметкерлерінің көмегімен кредиттеудің ең ұтымды нұсқасын таңдап алу мүмкіндігін аласыз.

Айта кететін жайт, сату-сатып алу шарты қарыз алушыға рәсімделетіндіктен, пәтер иесі сіз емес банк болады. Барлық міндетті төлемдер төленіп болғаннан кейін сіздің пәтеріңіз кепілдендіруден босатылып, сіз пәтердің толықтай қожайыны атанасыз.

### **Автокредиттеу**

«Автокөлік – астамдық емес, тек қана қозғалу құралы!» – бұл сөз автокредиттеудің мәнін толығымен ашады деген ойдамыз. Қазірдің өзінде сіз өзіңізге ұнаған көлікті сатып алып, банкке нақты мерзім барысында төлем жасап тұруыңызға болады. Автокредиттеу шарттары әр түрлі банктерде әр түрлі болып келеді. Қарыз сатып алына-тын автокөлікке беріледі. Кредиттеу механизмі әдетте ерекшеленбейді. Айырмашылықтар әдетте автокөлікті сатып алуға берілетін кредиттің құнымен байланысты тарифтер мен комиссиялардан тәуелді болады.

Шартқа қол қояр кезде сіздің білуіңіз тиіс бір жайт бар. Кредитті рәсімдеу кезінде қарыз алушы сатып алынатын көлікті еншілес сақтандыру компанияларында компания үшін ұтымды бағаға сақтандырылуға міндет алады. Басқа сөзбен айтқанда, банк клиенті кредит алады, пайыздарды төлейді, еншілес компаниядан полис сатып алуға келісімін береді, ал ЖКО орын алған жағдайда, көлік бұзылғанда немесе ұрланған жағдайда сақтандыру төлемін банк алады және ол соманы сіздің кредитіңізді өтеуге жұмсайды.

### **Экспресс-кредит**

Сіз ірі дүкендерден «Экспресс-кредит» деген жазулары бар кішігірім үстелдерге жайғасқан банк қызметкерлерін көрген боларсыз. Мұндай кредиттердің айырықша белгісі – ұсынылатын құжаттар пакетінің аз болуы және аз уақыт ішінде рәсімделуі. Ол ең алдымен осындай қолжетімділігімен тартымды болып табылады. Мұндай кредиттер банк үшін тәуекелдіктері жағынан ең жоғары болып табылатынын білгеніңіз жөн, себебі кредит алушылар төлемдерін жасай алмай, оны өтемеуі де мүмкін, сондықтан банк экспресс-кредиттердің пайыздық мөлшерлемелерін жоғары етіп белгілейді. Кредиттің өтелмей қалу тәуекелі барлық кредит алушыларға жүктеледі.

### **Кредит рәсімдейміз**

Құжаттар саны сіз алуға ниеттеніп отырған кредиттің түріне қарай әр түрлі болып келеді. Кредиттің ең қарапайымы экспресс-кредит алу үшін сізден талап етілетіні тек қана – жеке куәлік, ӘЖК, СТН (кейбір банктерде соған қоса табыстар туралы анықтама мен зейнетақы қорынан үзінді талап етуі мүмкін), ал ең ұзақ мерзімді және сомасы жағынан ауқымдысы – ипотека алу кезінде құжаттардың пакеті мүлдем басқа болады.

Кредит алу үшін қажет болуы мүмкін негізгі құжаттар тізімі:

1. Жеке куәлік, ӘЖК, СТН;
2. Жұмыс орнынан берілетін лауазымы мен табысы туралы анықтама;
3. Нақты бір кезең бойынша зейнетақы қорынан үзінді;
4. Еңбек кітапшасы немесе еңбек келісім-шартының көшірмесі;
5. Мекен-жай бюросынан анықтама немесе үй кітабы;
6. Некелесу туралы куәлік;
7. Иелігіңіздегі жылжымайтын мүліктің құқық орнататын құжаттары.

Жалақы немесе табыс ретінде қарастырылатындар: негізгі және қосымша жұмыс орыны бойынша жалақысы; үстемеақылар мен бонустар, зейнетақы мен жәрдемақы, кәсіпкерлік жасқа толмаған балаларға төленетін алименттер, жалға беруден түсетін кіріс, кәсіпкерлік қызметтен түсетін кіріс, авторлық қаламақы, дивидендтер, депозиттер бойынша пайыздық төлемдер және т. б.

Кредиттің мақсаттарына сәйкес оның шарттары да өзгеріп отырады. Сондай-ақ кредиттеудің келесі түрлері болады: рәсімдеудің қарапайымдатылған схемасы және жеке рәсімдеу.

### **Кредит бойынша қамтамасыз ету**

Кредит бойынша қамтамасыз ету, кейде кепілдік деп аталады – бұл, қарызды қайтаратындығыңыздың кепілдігі ретінде банкке ұсынатыныңыз. Қамтамасыз етудің негізгі түрлеріне кепілгерлік пен әр түрлі кепілдіктер жатады.

Кредит бойынша берілетін кепілдіктердің түрлері:

1. Жылжымайтын мүлік (жеке тұлға атына сатып алынған пәтер, үй, жер, өндірістік немесе ғимараттық мақсаттарда қолданылатын ғимараттар);
2. Құрал жабдық (сауда және өндірістік құрал жабдықтар);
3. Жеке мүлік кепілдігі (автокөліктер, компьютерлер мен оргтехника және т.б.);
4. Бағалы қағаздар (акциялар, облигациялар, мемлекеттік бағалы қағаздар және т.б.);
5. Кредит алуға ниет білдірген клиенттің осы банктегі салымдары. Әрине кредит сомасы салым сомасынан артық бола алмайды.

Банктің кепілдікке қоятын негізгі талаптары:

- мүлік кепілдендіру немесе өзге де ауыртпалықтардан бос болуы керек;
- лайықты техникалық жағдайда ұсталуы тиіс;
- мүлік өтімді болуы тиіс, басқаша айтқанда кез-келген уақытта сатып жіберуге болатын мүлік;
- кепілдікке берушінің меншігінде болуы тиіс;
- кепілдік нысаны сақтандырылған болуы қажет (жекелеген жағдайларда).

Соңғы уақытта банктер кепілдік ретінде жылжымайтын мүлікті алуға бағдарланған. Жекелеген банктер кепілдіксіз кредиттер береді, бірақ онда пайыздық мөлшерлеме жоғары. Соған қоса кредит бойынша қамтамасыз ету бірлесе қарыз алушы болып есептелетін жеке немесе заңды тұлға кепілгер болатын кредит түрлері де бар. Бұл қарыз алушының табыс деңгейі кредит алу үшін талап етілетін табыс деңгейінен төмен болғанда қолданылады. Бірақ қамтамасыз етудің бұл түрі банктердің барлығында қолданылмайды.

Кредитті қамтамасыз етудің шарттары банктердің қабылдаған саясаттарына байланысты әр түрлі болады. Кепілдігі бар кредиттер және олардың шарттары туралы банктердің байланыс орталықтарынан білуге болады.

## Кредиттік тарих

Асель Омарова – тілші-фрилансер, ол бір редакцияда жұмыс істемейді, үйде отырып бірден бірнеше редакция үшін мақалалар жазады. Өзіне керектісінің барлығын ол тек қана кредитке алады: үтіктен бастап тоңазытқышқа дейін. Соңғы алған кредитінің қаншасыншы екенін ол өзі де білмейді. Өзінің бір деңгейде бекітілген табысының жоқтығына қарамастан ол жаңа техниканы алу үшін кезекті кредиттерді қиындықсыз алады. Банк оған кредитті неліктен береді? Себебі Асельдің кредиттік тарихы өте жақсы, бұл оның ең басты артықшылығы».

Кредиттік тарих дегеніміз қарыз алушының кредиттік мәмілелер бойынша міндеттемелерін қаншалықты жақсы орындайтынын растайтын мәліметтер.

Басқа сөзбен айтқанда, кредиттік тарих дегеніміз – сіздің барлық қарыздарыңыздың тарихы. Сіздің кредиттік тарихыңыз сіздің кредиттік карта бойынша жасаған бірінші төлеміңіз немесе тауарды кредитке алған мезеттен басталады. Әрбір қарыз алушының тарихы кредиттік есепке енгізіледі және кредиттік бюрода сақталады.

Кредиттік бюро – кредиттік тарихтарды қалыптастыру мен кредиттік есептер ұсынумен айналысады.

Кредиттік тарих не үшін қажет? Ол клиенттің қаржылық күйі мен кредиттерді қайтарудағы ұқыптылығын тексереді. Айталық, сіз қарызыңызды уақытылы өтемесеңіз, бұл жағдай міндетті түрде сіздің кредиттік тарихыңыздан бейнесін табатын болады. Егер мұндай жағдайлар қайталанбалы сипатқа ие болса – банк қызметкерлері сізге кредит бермес бұрын бірнеше қайта ойланатын болады. Және олардың шығарған шешімдерінің теріс болуы да ғажап емес. Қаржы әлемінде кредиттік тарих қарыз алушыға сенімнің өлшемі болып саналады.

## Кредиттің екінші жағы

Кредиттің ең бір артықшылығы – сіз бір нәрсені сатып алғыңыз келген жағдайда ақшаңыз жоқ болып шықса, кез-келген жағдайда банкке жүгіне аласыз, бұл өте ыңғайлы. Бірақ банктер де мейірімділік қоры емес – ол өзі көрсететін қызметтер арқасында, соның ішінде кредит беру арқылы ақша жасайды. Кейде кредиттер бойынша асырып төленген сома тауар құнының 40-50 пайызын құрап жатады. Соған қоса кредиттеу бойынша қосымша ауыртпалықтар (сақтандыру, рәсімдеу және т.б.) да қарыз алушыға артылатынын ұмытпаңыз.

Кредитті алмастан бұрын өз қаржылық мүмкіндіктеріңізді бағалаңыз, себебі қарызға батып кету тәуекелдігі өз қаржылық жағдайын бағалай алмайтын, тауарларға қызығып, ойланбастан сатып алу туралы шешім қабылдайтын адамдар үшін жоғары болып келеді. Егер сіздің мансабыңызға қатысты мәселелер шешілмей, жұмыс орныңызды сақтап қалытыныңызға күмәнді болсаңыз, автокөліктің жаңа моделін алу сіз үшін қаншалықты қажет? Сіз сегіз жыл барысында нақты соманы төлеп тұра аласыз ба? Сіздің табысыңыз қаншалықты кепілдендірілген? Бұл сұрақтарға сіз банкке бармас бұрын өзіңізге жауап беруіңіз қажет. Кез-келген зат ескіріп, сіз кредитті төлеп бітіргенше өзіңіз бастапқы құнын жоғалтатынын ұмытпаңыз.

Клиенттердің сыйақы мөлшерлемелерінің сенімді көрсеткіштерімен танысып, әр түрлі банктер мен ұйымдардың соның ішінде банктік операциялардың жеке түрлерін іске асыратын ұйымдардың қарыз беру шарттары мен депозиттерін салыстыра алуы мақсатында, олар сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін көрсетуге міндетті болып табылады. Жылдық тиімді мөлшерлемеге депозитті ашу мен кредит алумен байланысты клиенттердің барлық шығындары енеді.

Заңнамаға сәйкес қызмет көрсету шартында банк комиссия алатын және сыйақының тиімді мөлшерлемесіне әсер ететін операциялар тізімі, олардың көлемі немесе оларды есептеп шығару тәртібіне сілтеме көрсетілуі тиіс, сонымен қатар, сыйақы мөлшерлемесін өзгерту тәртібі мен мерзімдері ескеріледі.

Жылдық тиімді мөлшерлеме мәні сыйақының шартта көрсетілген басқа мөлшерлемелерімен салыстырғанда клиенттер үшін ақпараттық жағынан ең мәндісі болып табылады және қарыздың нақты құнын анықтап, қарыздарды құны бойынша салыстыру мүмкіндігін береді.

Кредит пен оған қызмет көрсету (өтеу) туралы барлық ақпаратты ұқыптылықпен оқып шығыңыз. Кредит алу туралы шешім қабылдауға дейін банк қызметкерлерінен кредиттеу шарттары туралы толық ақпарат алыңыз, соның ішінде кредит алу мен оны өтеуге байланысты барлық төлемдер туралы біліп алыңыз. Ең ұтымды шешім қабылдағыңыз келсе ұқсас қызметтер көрсететін бірнеше банктің қызметтері мен шарттарын салыстырыңыз. Алынған ақпарат кредиттер бойынша ұсыныстарды салыстырып, шарттары сіз үшін ең тартымды болып шығатын кредитті таңдауға мүмкіндік береді. Төлеу немесе кедит бойынша төлемдерді кеш қалдыру жағдайында шартта банктің әр түрлі айыппұлдар мен санкциялар қолдану құқығы қарастырылған болуы мүмкін екенін ұмытпаңыз. Сонымен қатар, нақты мерзім барысында (әрбір банктің өз белгіленген мерзімі болады) қарыз алушы төлемдерін уақытылы жасамайтын болса банк кепілдікке берілген мүлікті сату немесе кредиттің бірден қайтарылуы бойынша сот немесе соттан тыс процедура бастауға құқылы. Банк банкротқа ұшыраған күннің өзінде сіз кредит бойынша міндеттемелеріңізден құтылмайсыз.

## Депозиттер

Танымалдығы бойынша екінші орынды алатын банк өнімі және Қазақстанда инвестициялаудың кең тараған құралы – депозит.

«Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы» ҚР заңына сәйкес, депозит – бір тұлға (депозитор) басқа тұлғаға – банкке, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) және Ұлттық почта операторына олар номиналды түрде (ислам банкіндегі инвестициялық депозиттен басқа) қайтарылатын шартпен, алғашқы талап етуі бойынша немесе қандай да бір мерзімнен кейін толық немесе бөліп-бөліп, алдын ала келісілген үстемесімен не онсыз, депозиторға тікелей не оның тапсыруымен үшінші тұлғаға берілетініне қарамастан, беретін ақша.

Депозиттің келесідей қасиеттері бар:

1. Оны қолдану ыңғайлы, табыстылығы алдын ала кепілдендірілген, ұсынылатын құжаттар пакеті барынша жеңілдетілген, депозитті ашу немесе бақылау үшін арнайы білімнің қажеті жоқ;
2. Сіз кез-келген кезде соманың бір бөлігін шығарып ала аласыз немесе депозитті жауып тастауға да болады (бірақ бұл жағдайда салым бойынша пайызды алмайсыз немесе пайыздар төмендетіліп есептеледі);
3. Депозит бойынша табыстылық кішігірім ғана және инфляцияны да өтемейді. Дегенмен бұл ақшаны үйде ұстаудан тиімді, себебі бұл жағдайда инфляция сіздің ақшаңызды түк қалдырмай «жеп қояды», соған қоса ұрлықшылардың тонау қаупі де бар. Ал банк болса сіздің ақшаларыңыздың сақталатындығына кепілдік береді.

Сонымен қатар, депозит нақты ірі сатып алуды іске асыру үшін қажетті соманы жинақтаудың өте ыңғайлы тәсілі болып табылады. Егер кішігірім соманың өзін үйде жинақтауға бел бусаңыз, нәтижесі теріс болады деп ойлаймыз, себебі ақша қолда барда қажеті жоқ заттарды ойланбастан сатып алу қаупі мен оларды ағымдық шығындарға жұмсап жіберу қаупі бар.

## Депозиттердің шарттары

Әрбір депозит келесі шарттардың бар болуымен сипатталады: мөлшерлеме, салымның төменгі сомасы, толықтыру мүмкіндігі, ұзарту мүмкіндігі, капиталдандырудың бар болуы, ақшаны бөлшектеп алу мүмкіндігі.

**Пайыздық мөлшерлеме** мерзімінің салымы қандай болса да кірістің жылдық пайызы түрінде көрсетіледі. Салым бойынша кірісті келесі формула арқылы есептеп шығаруға болады:

$$\text{Табыс} = \frac{\text{Салым сомасы} * \text{Салым мерзімі (ай саны)} * \text{Мөлшерлеме (пайыздар)}}{12 \text{ ай} * 100 \%}$$

Басқаша айтқанда, егер сіз жылдық сыйақысы 10 % құрайтын депозитке 20 000 теңгені 6 айға салсаңыз және депозит бойынша капиталдандыру болмаса депозит бойынша табыстылық келесі соманы құрайтын болады:

$$\text{Табыс} = \frac{20\,000 * 6 \text{ ай} * 10 \%}{12 \text{ ай} * 100 \%} = 1\,000 \text{ теңге}$$

**Салымның төменгі сомасы.** Екінші деңгейлі банктер ұсынып отырған депозиттердің көбісін кішігірім сомадан бастап ашуға болады. Бұл өте ыңғайлы, себебі сіз кез-келген уақытта депозит ашып, ақша жинауды бастасаңыз болады. Салымның ең төменгі мөлшері 1500 теңгеден, 10 АҚШ доллары немесе 10 еуродан басталады.

**Толықтыру мүмкіндігі** – бұл да өте қолайлы функция. Бұл мүмкіндікпен қатар салымның төменгі көлеміне назар аударыңыз, ол ойға қонымды болуы тиіс.

**Автоматты түрде ұзарту (продлонгация).** Негізінен Қазақстан Республикасының барлық екінші деңгейлі банктері бұл қызметті көрсетеді. Дегенмен депозит бойынша шарттың мәтінін ұқыптылықпен оқып шығыңыз. Шартта продлонгация шарты қарастырылған жағдайда, сіздің шартыңыз сіздің қатысуыңызсыз автоматты түрде созылатын болады. Басқаша айтқанда сіздің шартыңыздың мерзімі аяқталғанда сіз банкке бармасаңыз да болады, егер шартты өзгертіңіз келмесе. Егер сіз байқамай қол қойып қойған шартта аталған жағдай қарастырылмаған болып шықса нәтижесі келесідей болады. Сіздің депозит бойынша жасаған шартта 10 % бойынша айлық мерзімге нақты бір соманы сақтау қарастырылған делік. Аталған мерзім аяқталғанда депозит жабылады, ал сіздің салымыңыздың сомасы мен оның пайыздары талап етілгенге дейін шотта сақталады, ондағы пайыздық мөлшерлемелер ең төменгі болып есептеледі.

**Капиталдандыру.** Шартты капиталдандыру шарты қарастырылған болса сіздің сомаңыз бойынша есептелген пайыздар автоматты түрде сіздің қатысуыңызсыз салымның негізгі сомасына қосылып табыс әкеле бастайды. Мынадай мысалды қарастырайық.

**Мысал.** Жыл сайынғы капиталдандыруы ескерілген, пайыздық мөлшерлемесі 10 % құрайтын 1 жылдық депозитті қарастырайық. Депозитке 100 000 теңге салып, бір жылдан кейін не аламыз?

**Капиталдандырумен:**

Алғашқы жыл: 100 000 теңге + 10 % = 110 000 теңге  
Екінші жылы түскен пайыз негізгі сомаға қосылып, біз 110 000 есептейміз  
Сонда, екінші жылы: 110 000 + 10 % = 121 000 теңге.

**Капиталдандырусыз:**

Алғашқы жыл: 100 000 теңге + 100 000 \* 10 % = 110 000 теңге  
Екінші жылы негізгі сомаға пайыздар қосылмайды  
110 000 теңге + 10 % = 120 000 теңге  
Нәтижесінде сіз 1000 теңгеден айырыласыз.

Сіз қолыңызда бар 100 000 теңгені банкке жылдық пайызы 12 % құрайтын депозитке салуды шештіңіз, сіздің ай сайынғы пайыздық кірісіңіз келесідей болады:

Ай	Капиталдандырумен	Капиталдандырусыз
1	100 000	100 000
2	101 000	100 000
3	102 010	100 000
4	103 030	100 000
5	104 060	100 000
6	105 101	100 000
7	106 152	100 000
8	107 214	100 000
9	108 286	100 000
10	109 369	100 000
11	110 462	100 000
12	111 567	100 000
1 жыл	112 683	112 000

Нәтижесінде, мысалдан көріп отырғанымыздай, бірдей соманы шарттары капиталдандыруы бойынша әр түрлі болып табылатын депозиттерге сала отырып, басқа шарттарының тең болуына қарамастан банктік салым бойынша табысыңыздың бір бөлігінен қағылуыңыз мүмкін.

Бөлшектеп шығару мүмкіндігі. Кейде сізге келесі жалақыңызға дейін кішігірім сома қажет болып қалып жатады, мысалы 10 000 теңге делік. Қарызға алғыңыз келмейді, соған қоса сіздің депозитіңізде 70 000 теңге бар. Ал шарт келісімі бойынша сіз айыппұлдарсыз тиынды да шығарып ала алмайсыз. Пайыздарыңызды жоғалтып депозитті мерзімінен бұрын жабу қажет болады. Мұның жұмысы көп және тиімсіз. Сондықтан да жартылай немесе бөлшектеп алу мүмкіндігі өте ыңғайлы, оның шартта бар не жоқтығын тексеріп қойыңыз. Әдетте мұндай мүмкіндік міндетті түрде сақталынатын қалдық болған кезде беріледі.

**Депозит түрлері**

Депозиттердің (салымдардың) келесі түрлері болады:

1. мерзімді;
2. талап етілгенге дейін;
3. шартты.

**Мерзімді депозиттер**

Қазақстанда ең танымал депозиттерге мерзімді депозиттер жатады. Нақты анықталған мерзімдерінің бар болуы бұл депозит түрінің айырықша белгісі болып табылады. Салымшы мұнда мерзім аяқталған кезде барлық ақшаларын қайтарып алады немесе шарттың мерзімін ұзарту алады. Мерзімді депозиттерге кез-келген уақытта ақша қосуды немесе шығарып алуға болады.

Мерзімді салымдар келесідей бөлінеді:

- зейнетақылық;
- балалық;
- мультивалюталық (мұндай депозитте ақша үш валютада сақталады, әдетте бұл теңге, евро және доллар);
- жалақылық және т.б.

### **Талап етілгенге дейінгі депозит**

Депозиттің бұл түрі бойынша сақтау мерзімі көрсетілмейді, ал ақша клиенттің бірінші талап етуі бойынша қайтарылады. Депозиттің бұл түрі бойынша пайыздық мөлшерлемелер мерзімдік депозиттерге қарағанда төмен болады. Бірақ бұл депозиттің ыңғайлылығы мынада – сіз ақшаны бір күнге немесе бір аптаға салып, кез-келген уақытта шығарып алуға құқылы боласыз.

### **Шартты депозиттер**

Шартты депозиттер – банктік салым жасау шартында көрсетілген оқиғалардың орын алуы кезінде пайдалану құқығы берілетін басқа тұлғаның атына салынатын депозит. Ал аталған жағдайлар орын алғанша салымшы депозиттегі ақшаны салымды жасаған тұлғаның жазбаша рұқсатымен ғана пайдалана алады. Мысалы, сіз алғашқы балаңыз дүниеге келетін уақытқа дейін бір соманы жинақтаймын деп шештіңіз. Бұл жағдайда сіз банкпен келісімге отырып, депозиттен ақша алудың шарты баланың туу туралы куәлігін алу деп көрсетесіз. Немесе сіз банкпен өз балаңыздың атына депозит ашу туралы шарт жасайсыз, бірақ ақшаны ол көмелеттік жасқа жеткеннен кейін ғана ала алады. Сіз көріп отырғандай шарттар әр түрлі болуы мүмкін, депозиттің бұл түрінің мәні – нақты бір оқиғаға дейін ақша жинақтау. Депозиттің бұл түрі мерзімді депозиттермен салыстырғанда аз дамыған, бірақ ол нақты бір мақсатқа қажетті соманы жинақтауға ерік күші жетпейтін тұлғалар үшін өте пайдалы.

### **Депозиттерді кепілдендіру қоры**

Қазақстанның қаржы жүйесіндегі тұрақтылықты сақтау мен салымшыларды қорғау мақсатында 1999-жылдың желтоқсан айында Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастауымен «Депозиттерді кепілдендірудің қазақстандық қоры» акционерлік қоғамы құрылды. Акционерлік қоғамның құрылтайшысы Ұлттық Банк. Депозиттер қабилдау, банк шоттарын ашу мен оларға қызмет көрсету операцияларын тек қана депозиттерді міндетті кепілдендіру жүйесінің қатысушылары болып табылатын банктер мен Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес Ұлттық пошта операторы өкілетті органмен берілген лицензия негізінде іске асыра алады.

Қатысушы-банк мәжбүрлі түрде таратылған жағдайда депозиторларға кепілдендірілген сома бойынша сыйақы мен есептелген пайызды қоспаған кездегі қалдық сома бір миллионнан аспайтын деңгейде қайтарылады. Депозиттерді міндетті кепілдендіру жүйесінің қатысушысы болып табылатын банк 2008 жылдың 24 қазаны мен 2012 жылдың 1 қаңтары аралығында таратылатын жағдайда депозиттерді міндетті кепілдендірумен айналысатын ұйым жеке тұлға болып табылатын депозиторларға кепілдендірілетін депозиттер бойынша есептелінген пайызын қоспағандағы бес миллион теңгеге дейінгі көлемде өтейтін болады. Аталған мерзім аяқталғаннан кейін кепілдемелік өтемақы «Екінші деңгейлі банктерде орналастырылған депозиттерді міндетті кепілдендіру туралы» Қазақстан Республикасы заңының 18 бабында қарастырылған көлемде өтелетін болады – 1 млн. теңге.

Банк таратылған жағдайда Қор екі республикалық газетке мемлекеттік және орыс тілдерінде төлемдер жасалынатын банк-агентті, төлемдерді жасайтын орын мен мерзімдерін көрсете отырып хабарландыру береді. Бұл ақпаратты соған қоса салымшылар тікелей Қордан алуға құқылы.

Салым бойынша өтемақы алу үшін Салымшы таратылатын банктің салымшыларына кепілдемелік өтемдерді жасау бойынша процедураларды орындайтын банкке келесі құжаттарды ұсынуы тиіс: банктік қызмет көрсету шартының түпнұсқасы мен көшірмесі, жеке куәлік, СТН мен банкте үлгісі көрсетілген формаға сәйкес жазбаша өтініш.

### **Төлем карталары**

Төлем картасы – карта ұстаушысына төлем картасы эмитентінің анықтаған шарттарда төлемдер жасау, қолма-қол ақша алу, ақшай айырбастау және т.б. операцияларды жасау мүмкіндігін беретін ақпарат жазылған және электронды терминалдар немесе өзге құралдар арқылы ақшаға қолжетімділікті беретін құрал.

Жасалынатын төлем операцияларының әмбебаптығы, ақша қаражаттарын сақтаудың қауіпсіздігі, қолма-қол ақшаны жедел түрде алу, тасымалдау мен кеденмен байланысты проблемалардың болмауы пластикалық карталарды пайдаланудың негізгі артықшылықтары болып табылады.

### **Дебеттік карта**

Бизнесмен Серік Ибрагимов өзінің банктік картасын алмай бір жаққа іссапарға шығуды елестете алмайды. Біріншіден, бұл қауіпсіз, егер ол картасын жоғалтып алса әрине бұл жағымсыз жағдай болады, бірақ бұл жағдайда ақшаны қалпына келтіруге болады. Екіншіден, Visa және MasterCard карталары арқылы ақшаны әлемнің кез-келген мемлекетінен алуға болады. Ал ең бастысы банктік карта арқылы ол шетелге шыққан кезде кедендік декларациядағы шектеуге қарамастан көбірек ақша алу мүмкіндігін иеленеді.

Қазақстандықтар дебеттік картамен жақсы таныс, себебі жалақыны біздің азаматтарымыздың көбісі сондай карта арқылы алады. Ол тауар мен қызметтерге төлеу үшін, банкоматтардан қолма-қол ақша алу үшін қолданылады. Оның басқа карталардан ерекшелігі – сіз карт-шотыңызда бар ақшаларды ғана қолдана аласыз. Дебеттік карталардың негізгі функциясы айналымдағы қағаз ақшаны ауыстыру және клиенттің өз қаражаттары есебінен төлемдер жасау.

Дебеттік карталарға соған қоса екінші деңгейлі банктер шығаратын виртуалды карталар жатады. Олардың ерекшелігі – мұндай карта арқылы барлық төлемдер тек қана Интернетте жасалады. Олардың көмегімен банкоматтан қолма-қол ақша алу немесе дүкенде төлеу мүмкін емес. Виртуалды карточкадан ақшаны тек қана банктегі виртуалды шотыңызды жапқан кезде қайтарып алуға болады. Бұл жағдайда карта иесіне шоттағы қалдық қаражаттан жабу бойынша комиссиялары алынады да қайтарылады.

Дебеттік карта рәсімдеу кезінде халықаралық төлем жүйелерінің бірін таңдасаңыз болады. Халықаралық есеп айырысу карталарына жататындар Visa және MasterCard – бұл карталар арқылы әлемнің кез-келген жерінде жүріп Visa және MasterCard логотиптері бар жерлерде есеп айырыса аласыз.

Шетелге шығатын кезде өзіңізбен бірге алатын ақшаңызды дебеттік картаңызға аударсаңыз болады. Оларды Visa және MasterCard төлем карталарына қызмет көрсетілетін кез-келген банкоматтан шығарып алуға болады. Комиссия көлемін алдын ала біліп алған жөн, Комиссия 1-2 % пайыз көлемінде шоттағы барлық сомадан немесе алынатын бөлігіне ғана есептелуі мүмкін, соған қоса шетелдік банктің алатын комиссиясын қосыңыз. Кейбір банктер әрбір транзакция үшін бір белгіленген соманы алады. Ақша конвертациясы да әр түрлі бағамдар бойынша жасалынуы мүмкін. Банктердің көпшілігі теңгені сіз бара жатқан мемлекет валютасына Visa International төлемдік жүйесінің бағамы бойынша айырбастайды, ол карта пайдаланушыларына ең қолайлысы болып есептеледі. Басқа банктердің төлем карталары бойынша сіз валютаңызды шетелдік банк бағамымен немесе өзіңіздің қазақстандық банктің бағамымен айырбастауыңызға болады. Карта ұстаушылары үшін тағы бір бонус бар – тауарлар мен қызметтер үшін картамен төлем жасаған кезде төлем жүйелерінің ережесіне сәйкес комиссия карточка ұстаушысынан емес, сауда орнына жүктеледі.

Карталар бойынша бір рет шығарылатын ақша көлемдері бойынша шектеулердің болуы ықтимал. Дегенмен сіз өз банкіңіздің төлем карталары бөліміне қоңырау шалып ондай шектеуді алып тастауыңызға болады. Барлық ірі банктердің аталған бөлімшелері тәулігіне 24 сағат жұмыс істейді, сұрақтарыңыз туындаса немесе картаны блоктау қажет болғанда дереу телефон шалуға болады.

## Кредиттік карталар

Виктор сенімді клиент ретінде банктен 100 000 теңге салынған кредиттік картаны сыйға алады. Жұбайы екеуі қатты қуанып, бар ақшаны бірінші күннің өзінде жұмсап тастайды: тұрмыстық техника алады, жұбайы Натальяға киім-кешек алып, қалғаны қайда кеткені белгісіз. Олар ақшаның таусылғанын байқаған кезде картада бірнеше мың теңге ғана қалады. Бұл бір уақыттық желігу оларды 100 000 теңгелік қарызға батырып, жарты жыл бойы қайтарып тұруға мәжбүр етті. Қарызды өтеп болған соң Виктор картаны алысқа тығып қойды.

Кредиттік карталар немесе «револьверлік» карталар біздің өмірімізге енгеніне көп уақыт өткен жоқ. Дебеттік карталардан айырмашылығы мұнда «кредиттік лимит» бөлінеді. Басқаша айтқанда дәл сол қарыздың өзі бірақ кепілдік пен кепілгерлерсіз. Мұндай картаның иесі банкке ақшаны неге жаратқандығы туралы есеп бермеуіне де болады. Ол тек қана шектелген кредит алады, оны өтейді, сонан кейін қайтадан қарызға алу мүмкіндігіне ие болады. Қарызды бірнеше рет алу «револьверлік» карталардың артықшылығы болып табылады. Әрбір банктің пайыздық мөлшерлемелері, төлемдерінің көлемі, мерзімділігі мен өтеу тәртібі әр түрлі болатынын ұмытпаңыз.

Кредиттік карталардың ең айтарға тұратын артықшылығына келетін болсақ – егер сізде бір затты сатып алу үшін кішігірім сома жетпей тұрса немесе айлық алу күніне таяп қалып, ақшаңыз таусылғанда банкке барып қарыз рәсімдемей-ақ кредиттік линия арқылы ақша алуыңызға болады.

Бірақ ұқыпты болыңыз – бұл «ыңғайлылық»-тың жасырын кемшіліктері бар. Егер сіздің шотыңызда бүгін ақша жоқ болса, карта арқылы сізге қысқа мерзімге қарызды қуана-қуана береді. Осылайша, сіз өзіңіз байқамай банкке қарыз болып шыға келдіңіз. Бірінші рет сіз кредитті бірнеше апта ішінде өтеп тастауға тырысасыз, екінші рет өтеу үшін бір айдан астам уақыт қажет болады. Сізді мазаламау үшін банктер кейде алғашқы 20-40 күн ішінде пайыз да есептемейтін болар (әр түрлі банктердің мерзімдері әрқалай болады). Осыдан кейін, біртіндеп тұрақты түрде пайыз төлеп тұратын адамдар қатарына қалай қосылып кеткеніңізді өзіңіз де сезбей қаласыз. Айтарлық нәрсе ол пайыздар өсе бермесе, ешқашан төмендеген емес.

Экономистердің көпшілігі «қарыздардан қалай құтылуға болады?» деген сұраққа бірден «кредиттік картаңызды жойыңыз» деп жауап береді. Адам қолында кәдімгі ақшаны ұстап тұрған кезде қанша ақша жаратып, қанша ақшаны ертеңге қалдырып қою керектігін сезіп тұрады. Ал кредиттік карталармен жағдай өзгеше: психологиялық тұрғыда шығындар бақыланбайды. Тауар сатып алынғанымен ақша жұмсалмағандай болып көрінеді.

## Пайдалануға қатысты сақтық шаралары

1. Өз пин-кодыңызды ешкімге айтпаңыз. Есіңізде болсын: банк қызметкерлері сізден ешбір жағдайда картаңыздың пин-кодын сұрамайды. Оны тек қана карта ұстаушысы білуі тиіс.
2. Егер сіздің банктік картаңызды ұрлап кетсе, жедел өз банкіңіздің call-centre-мен байланысып картаны жарамсыз ету қажет.
3. Егер картаңыз банкоматта тіреліп, қайта шықпай қалған жағдайда да банкке хабарласып картаны блоктау қажет. Осыдан кейін қолдау көрсету қызметін шақырып, олардың келуін күтіңіз.
4. Егер банкомат купюра бермесе оның ақша шығатын жерін жақсылап қараңыз. Бұл алаяқтардың ойлап тапқан амалы болуы ықтимал. Бұндайда да банкоматтан алысқа кетпей қолдау көрсету қызметін шақырту қажет. Әдетте телефондар банкоматтың өзінде көрсетілген болады;
5. Қолма-қол ақшаны тек қана тексерілген банкоматтардан немесе банктің бөлімшелерінен шығаруға тырысыңыз. Сіз осылай істеу арқылы тәуекелдердің алдын аласыз;
6. Мүмкіндігінше телефоныңызға мобильді банкинг қызметін орнатыңыз. Бұл қызметті орнатқан жағдайда банк клиентіне кез-келген операция туралы sms түрінде хабарлама келіп тұрады.

## Өзге банктік қызметтер

### Ақша аударымдары

«Менің ұлым Мәскеуде оқиды. Менің балам Бауманкаға түскенде мен өзімді әлемдегі ең бақытты әке сезіндім – дейді Төлеген Сапаров. Ол тегін оқығанымен, ақша кез-келген адамға қажет емес пе. Мен ескіше таныстарым арқылы ақша беріп тұру қажет болады деп ойлады. Ал ұлым маған ақша аударымдары туралы айтып берді, бұл қызмет біздің өмірімізді айтарлықтай жеңілдетті, соған қоса Санжик шетелде жүр деп уайымдамайтын болдық».

Ақша аударымдары – ақша қаражаттарын кез-келген бағытта, кез-келген мерзім ішінде жолдау мүмкіндігін беретін банктік қызметтердің ең ыңғайлыларының бірі. Бір банк жарнамасының сендіруінше қазіргі таңдағы ақша аударымдарының рекордтық мерзімі 2-ақ секундты құрайды екен! Ақша аударымдары мемлекет ішінде (Мысалы, Қарағандыдан Солтүстік Қазақстан облысындағы ауылға), сонымен қатар шетелге (мысалы, Америкаға) де жасалынады екен. Сәйкесінше, екінші және өзге жағдайларда шетелге жасалынатын ақша аударымдары шетелдік валютада жасалынады, немесе, алынған соң жергілікті валютаға айырбасталады.

Қазақстанда ең кең тараған ақша аударымдары жүйелеріне жататындар: пошталық аударымдар, «Western Union», «Faster», «Жедел аударымдар», IFS – International Financial System жүйесі бойынша халықаралық аударымдар жүйесі мен т.б.

«Western Union» ақша аударымдары жүйесі әлемдегі ең танымалы және ең ескісі болып табылады. Қазіргі таңда “Western Union” жүйесінің өлем бойынша 200-ден астам мемлекетте 300 мыңнан астам бөлімшелері бар екен. Қазақстанда «Western Union» 1996 жылы бір банкте пайда болды. Сол уақыттан бері аталған қызметті екінші деңгейлі банктердің барлығы көрсететін болды. «Western Union» жүйесі бойынша ақша аударымдары үшін төлем ақша аударымын жіберушіден ғана алынады. Аударымды қабылдаушыдан төлем алынбайды. «Western Union» тарифтерін халықаралық ақша аударымдары жүйесіне қосылған кез-келген банктің бөлімшесінен білуге болады.

Ақшаны аудару үшін шот ашу етілмейді және құжаттардың да ең аз мөлшері қажет: жеке куәлік немесе төлқұжат, өз СТН-ды білсеңіз болды және ақша аударымын алушының тұратын қаласы. Бұдан кейін сіз үлгілері банктің кез-келген бөлімінде бар бланкты толтырып кассаға қажетті соманы енгізесіз. Бар болғаны осы ғана. Кейбір банктерде сізден кодтық сөз айтуыңызды сұрауы мүмкін.

Ақшаны алушы болсаңыз, сіз жеке куәлігіңіз бен СТН ұсынуыңыз қажет. Соған қоса сіз ақшаны жолдаушының аты-жөнін, жолданған сома көлемін, ақша жолдаушы мемлекеті мен тұратын қаласын, 10 саннан тұратын ақша аудармасының бақылау нөмірін біліп, бланкті толтыруыңыз қажет. Содан кейін ғана сіз ақшаны аласыз.

«FASTER» ақша аударымдарының бірегейлігінің себебі – оның әзірлеушісі мен ұйымдастырушысы қазақстандық банк болып табылады. «FASTER» ақша аударымдары жүйесі 2006 жылдың 26 қыркүйегінде қызмет ете бастады. Дегенмен бұл жүйенің активінде ТМД мемлекеттерінің бірнешеуі бар және олар шалғай шетел нарықтарына қарқынды түрде шығуда. «FASTER» жүйесінің тартымдылығы неде? – оның тарифтері айтарлықтай төмен және ақша аударымдарын теңгеде, рубльде, ЕВРОда немесе АҚШ долларында жасау мүмкіндігі қарастырылған.

IFS (International Financial System) халықаралық аударымдар жөнелту географиясымен ерекшеленеді. Электронды ақша аударымдарын қабылдау келесі мемлекеттерде іске асырылады: Ресей Федерациясы, Украина Республикасы, Беларусь Республикасы, Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Молдова Республикасы, Эстония, Өзбекстан. Бұл қызметті тек қана «Қазпошта» АҚ көрсетеді. Ең басты артықшылығы – аударым үшін үйден төлеу мүмкіндігі. Басқасының барлығы өзге ақша аударымдары жүйелеріне ұқсас: құжаттың ең аз мөлшері, ақшаны шот ашпастан аудару.

### **Зейнетақы мен жәрдемақы алу**

- Ол маған не үшін қажет? – деп таң қалып жатты Қаншайым апа немересі Аслан берген пластикалық картаны қолында айналдырып тұрып.
- Апа, осы арқылы зейнетақы алу өте ыңғайлы. Өшіретте тұрмайсыз, кез-келген банкоматқа барасыз да ақшаңызды шығарып аласыз.
- Қалай шығарып аласың? – деп қорқып кетті апасы. – Мен бұл картаны қайда салу керектігін де білмеймін!
- Жүріңіз мен сізге бәрін көрсетем. Бұл қиын емес – ешкімге өз пин-кодыңызды айтпаңыз, жоғалтып алсаңыз бірден менімен байланысыңыз. Біз банкке бірге хабарласып сіздің картаңызды блоктаймыз, сонда ешкім сіздің ақшаңызды пайдалана алмайды.
- Блоктаймыз? Пин ... бұл не? – деп немересінің айтып тұрғанын ұққысы келіп сұрады апасы.
- Уайымдамаңыз апа! Қазір бәрін түсінесіз.

Бір айдан кейін Қаншайым апа өзінің кішкентай пластикалық картасын барлық көршілеріне көрсетіп, мақтанып зейнетақы алуы үшін осындай карта алып алуларына өзі кеңес беретін болды.

Бұл қызмет түрі нені ұсынады? Негізі бұл зейнетақы мен жәрдемақыны мемлекеттік орталықтар мен бөлімшелерден емес өзіңіз таңдаған банктен алуды білдіреді. Соған қоса бонус ретінде бірқатар қызметтер ұсынылады. Сіздің шотыңызға аударылатын ақшаларды сіз толығымен шығарып ала аласыз, кредитті өтеуге жұмсай аласыз, сенімхат негізінде туған туысқандарыңызға пайдалану құқығын бере аласыз және т.б.

Соған қоса банктер арнайы төлем картасын рәсімдеуді ұсынады, оған қызмет көрсету жеңілдігі бар тарифпен есептеледі (жылына 25 теңгеден бастап). Төлем картасы арқылы сіз өшіретте тұрудан құтыласыз, ал ақшаңызды үйіңізге жақын орналасқан банкоматтан алуыңызға болады. Жалпы айтқанда қызметтің бұл түрі өміріңізді жеңілдетеді.

Зейнетақы мен жәрдемақыны ГЦВП алу үшін қажет:

Банктен арнайы шот ашу (қажет десеңіз сол жерден зейнетақылық кітапша ашқызсаңыз болады);

ГЦВП немесе ЖЗҚ зейнетақыны немесе жәрдемақыны өзіңіз таңдаған банк арқылы алуды қалайтыныңызды хабарлау.

### **Чектермен жасалынатын операциялар**

Екі дос – Татьяна мен Карина – саяхаттауды өте жақсы көреді. Тәжірибелі саяхаттаушылар ретінде ыңғайлылықты сүйетін болғандықтан олар жолға алатын сумкаларына: әуежайда, отельге дейін жүретін жолда төлем жасауға қажетті қолма-қол ақша, кредиттік карталар мен жол чектерін алады. Олардың банктік карталары болса, қосымша чектерді не істейді деп қызығатын достары мен туыстары. Бірақ қыздардың тәжірибесінде маңайда бір де бір банкомат болмай, кредиттік карталарын жоғалтып алған кездері болған. Сондай-ақ, чектерді жоғалтқаныңызға бір жыл болса да, оған салған ақшаларыңызды қалпына келтіруге болады.

Чек – чек берушінің эмитент-банкке немесе өзге кредиттік ұйымға онда көрсетілген соманы чек ұстаушысына төлеу туралы жазбаша түрдегі бұйрығы бар, қаржылық/төлем құжаты болып табылады. Чектерді сіз кез-келген банктен қолма-қол ақшаға

айырбастай аласыз, олар арқылы төлем жасай аласыз, егер сіз шетелде жүріп жергілікті банктерден жол чектерін сатып алсаңыз, Қазақстанға келгеннен кейін сіз қалған чектеріңізді банкке барып ақшаға айырбастай аласыз. Чектердің барлығы – атаулы болады, бұл жағдай сізді алаяқтардың әрекеттерінен сақтайды. Сіздің чектеріңіз арқылы ешқандай үшінші тұлға ақша ала алмайды, оларды тек қана сіз қолдана аласыз.

Жинақ немесе жол чектері өте ыңғайлы, біріншіден, саяхаттау кезінде бұл ақша сақтаудың ең сенімді формасы. Соған қоса, оларды әлем бойынша қаржы және кредиттік мекемелердің көбісінде қабылдайды.

Чекті сатып алу үшін сіз төлқұжатыңызды ұсынуыңыз қажет, ал чекті қолыңызға алған кезде кассирдің көзінше чектің жоғарғы сол жақ бұрышына қолыңызды қоюыңыз қажет. Чек атаулы болып есептеледі және оны тек қана сіз пайдалана аласыз. Чекті қолма-қол ақшаға айналдыру үшін банк қызметкерінің көзінше оған екінші рет қол қою қажет. Сіздің қойған қолдарыңыз тексеріледі және сәйкес болып шықса қолма-қол ақша беріледі немесе төлем жасалынды деп есептеледі. Даулы мәселелер туындаған жағдайда жеке тұлғаңызды куәландыратын құжат ұсынылады. Чектерді қолма-қол ақшаға аудару кезінде комиссия алынады, шетелде жүріп чектерді ұлттық валютаға аудару үшін комиссия алынбайды.

### **Алтынмен жасалатын операциялар**

«Қағаздар тозып кетеді, ал алтын ешқашан ескірмейді» – деген пікірде болған біздің аталарымыз. Ақшаларын депозиттен шығарып алтын сатып алу туралы шешім қабылдаған Қайсар да сондай пікірде болды. Бірақ Қайсардың ескермегені, алтын – ұзақ мерзімдік инвестициялауға арналған, оған шұғыл ақша қажет болғанда алтынды өткізген жағдайда ол табысымен қоса, ақшасының бір бөлігін жоғалтады. Ол келешекте алатын дивидендтерін қанағат тұтып, алтынды қалдырып, достарынан қарыз алуға тура келді.

Бүкіл әлем адамдары бағалы металлдарды қаржы нарығында тұрақсыздық орнап, ақшаны сақтап қалу қажет болғанда инвестициялық құрал ретінде пайдаланады. Себебі алтын ақшаның сенімді «қорғаушысы» және әлемнің әмбебап валютасы ретінде мойындалған, оның өз бағамы бар және ол соңғы жылдар барысында тұрақты түрде өсуде. Алтынның бағасы әлемдегі экономикалық жағдайға тәуелді болады: ол тұрақтылығын жоғалтқан сайын алтынның бағасы жоғары болады.

Банктер 1 граммнан 1 килограммға дейін жететін алтын құймаларын, сонымен қатар 100 граммнан 1 килограммға дейін жететін күміс құймаларын ұсынады. Мұндағы ең басты кемшілік – сіз металлды сатып алар кезде банк сізден 16 % ұстап қалады және оны сату кезінде ол сізге қайтарылмайды. Сондықтан, бағалы металлдардан барынша жақсы табыс көру үшін, оларға алтынмен қатар күміс, платина мен палладий жатады, сіз сатып алатын металлдың бағасы сататын уақытқа дейін 20-25 %-ға өсуі тиіс. Сондықтан да, алтын мен өзге бағалы металлдарды сатып алу ұзақ мерзімдік инвестициялауға жатады, себебі олардың құнының өсуі ұзақ мерзімге созылуы мүмкін. Ал ақымды табыс алғыңыз келсе бірнеше жылдар бойы күтуге тура келеді.

Бірақ сіз ешнәрсеге қарамастан еркін ақшаларыңызды инвестициялау үшін ең сенімді құрал ретінде алтынды таңдаған болсаңыз, оны сатып алу үшін сізге тек қана жеке куәлік пен СТН қажет болады. Металл құймасымен бірге сізге сертификат беріледі, онда оның салмағы мен сынамасы көрсетіледі.

## Сейфтік сақтау

Лариса Ким өзінің шағын аудандардағы үш бөлмелі пәтерін сатып орталыққа жақын және кішірек пәтер алуы жоспарлаған болатын. Оның қолына түскен ақша қаншалықты қуаныш сыйласа соншалықты күдік те туғызды. «Мен ақшаны жоғалтып алсам немесе оны ұрлап кетсе!» – деп уайымдады Лариса. Ақшаны үйде ұстауға қорықты, сөйтіп оған достарының бірі ақшаны банктегі сейфке салуды ұсынды.

Банктегі сейф ұяшығы ақша мен өзге құндылықтарды сақтау үшін пайдаланылады. Ол көлемі сіздің қалауыңызға тәуелді болатын металлдан жасалған сейф.

Егер сіздің қолыңызда ауқымды ақша сомасы (жылжымайтын мүлік сатсаңыз, табысты мәміле жасасаңыз немесе лоторея ұтып алсаңыз) бар болып, әлі олармен не істейтініңізді шешпеген болсаңыз жеке сейф ұяшығы сізге сәйкес келетін шешім. Сейфті қысқа мерзім барысында, мысалы демалысқа кетіп бара жатқанда немесе ірі затты сатып алуға дайындалғанда ақшаңызды сақтап қалу үшін пайдалану ұтымды. Мұның себебі сейф ұяшықтары сіздің ақшаңыздың қорғалуын ғана қамтамасыз етеді – бұл оның негізгі функциясы, бірақ сіздің онда салған ақшаларыңыз табыс әкелмеуімен қатар ұяшық үшін тарифтің төленуін талап етеді.

Сейфтік ұяшықтың депозитпен салыстырғандағы артықшылықтары.

1. Ұяшыққа салынған ақшаға шығару бойынша шектеулер қойылмайды. Сіз кез-келген уақытта сомаңызды толықтай немесе бөлшектеп алуыңызға болады;
2. Ұяшыққа салынатын сомаға шектеу қойылмайды;
3. Ұяшықта ақшамен қатар асыл бұйымдарды, құжаттар мен көркем өнер үлгілерін сақтауға болады;
4. Банктердің көпшілігі толық құпиялықты қамтамасыз етеді, басқаша айтқанда сіз сейфте не сақтайтындығыңызды айтпасаңыз да болады;
5. Банк банкротқа ұшырағанда сіз келіп ұяшыққа салған заттарыңызды алып кетсеңіз болады;
6. Ең басты артықшылық – сіздің құндылықтарыңыздың сақталатындығының кепілдігі. Банкті тонау кезінде сіздің ұяшығыңыздың ішіндегі заттарды тонап кету ықтималдығы сіздің пәтеріңізден тонап кету ықтималдығымен салыстырғанда әлдеқайда төмен.

Сейфтік ұяшықтың кемшіліктері

1. пайыздар есептелінбейді, ұяшыққа қанша ақша салсаңыз, сонша ақша шығарасыз;
2. ақшаны ұяшықта сақтау үшін ақша төлеу қажет;
3. ұяшықты қолдану мүмкіндігі банктің барлық бөлімшелерінде бола бермейді;
4. Ақшаны алып кету үшін немесе оларды ұяшыққа салу үшін банк бөлімшесіне бару қажет, ақшаны қашықтан басқару мүмкіндігі қарастырылмаған.

Ұяшықты жалға алу құны оның көлемі мен сізге қажет мерзімдерге тәуелді болады. Бір күн үшін төленетін сома 240 пен 2000 теңге арасындағы соманы құрайды (әр түрлі банктерде), жылдық жалға алу – 30 000 теңгеден 80 000 теңгеге дейін жетеді.

## Интернет-банкинг

Олег банкке барып коммуналдық қызмет үшін төлеу немесе депозитін толықтыру үшін өшіретте тұрудың не екенін ұмытқанына біраз уақыт болды. Оның банкі әрқашан да қол астында. «Барлығы өте қарапайым дейді Олег бұл жағдайға таң қалатын таныстарына, – мен интернет-банкинг қызметтерін пайдаланамын, ал операциялардың көпшілігі үшін тек қана Интернет қажет». Онымен ғана тоқталып қоймай ол Интернет арқылы азық түлік үшін төлейді, телефондағы балансын толтырады. Олеттің пікірінше банкке бару өткен шақтың сарқыншағы.

Интернет-банкинг деп аталатын банктердің жаңа қызмет түрі өз уақытын бағалайтын, банктен шот ашып оны Интернет арқылы басқарғысы келетін көптеген адамдар үшін таптырмас қызметтің түріне айналды. Интернет-банкинг нені білдіреді? Бұл өзіңіздің банктік шотыңызды бүкіләлемдік желі арқылы тәулігіне 24 сағат бойы, аптасына 7 күн, жылына 365 күн барысында жердің кез-келген нүктесінен басқару мүмкіндігі, әрине бұл үшін сізде Интернетке қолжетімділігіңіз болуы тиіс.

Бұл қызмет түрін пайдалана отырып сіз қандай артықшылықтарға ие боласыз:

1. Төлемдер жасау (коммуналдық қызметтерге, мобильдік байланыс пен Интернет және т.б. үшін төлеу);
2. Карталық шоттарыңызды толықтыру;
3. Өз шоттарыңыздағы қозғалыстар туралы ақпарат алу;
4. Шотыңыз бойынша үзінді алу;
5. Өз шотыңыздағы қалдықты қадағалау;
6. Валюта сатып алу, сату немесе айырбастау;
7. Шотыңыздың күйі немесе ол бойынша қаражаттар қозғалысы туралы есеп алу;
8. Бөлшек кредит алу туралы өтінім рәсімдеу және компьютерден алыс кетпестен оны өтей бастау

Соған қоса көптеген өзге мүмкіндіктер! Бұл қызмет түрінің ең басты артықшылықтарының бірі – уақытыңыз үнемделетін болады. Жұмыстан сұранудың қажеті жоқ, ешқайда шықпай-ақ барлық операцияларды Интернет желісі арқылы жердің кез-келген нүктесінен іске асыратын боласыз. Өшіретте тұрудың не екенін ұмытасыз.

Интернет-банкинг қызметіне қосылу үшін, сіз өз банкіңізге барып аталған жүйе бойынша қызмет көрсету туралы шарт жасауыңыз қажет. Онда сізге жүйеге ену мүмкіндігін беретін жеке логин пен пароль, соған қоса қауіпсіздік пен идентификацияның басқа элементтерін береді. Осыдан кейін барып сіз тіркелесіз де жүйеге қосыласыз.

Өзіңіздің жеке шотыңызға үйде отырып шығу үшін ешқандай арнайы мамандандырылған бағдарламалар қажет етілмейді. Жеке компьютеріңіз бен Интернет желісіне қолжетімділікпен қамтамасыз етілген болсаңыз жеткілікті.

Төлемдердің қауіпсіздігі

Банктік интернет-қызметтерін пайдаланушылар электронды есептесулердің қауіпсіз болуына күдіктенуі мүмкін. Сарапшылардың сендіруінше Интернет-банкинг жүйесін қорғау жүйесі мысалы кредиттік карталармен жасалынатын төлемдерден әлдеқайда жақсы қорғалған.

Қауіпсіздік келесі элементтер арқылы қамтамасыз етіледі:

1. Шифрлеудің қуатты алгоритмі, компьютерлердің ең соңғы үлгілерінің өзі ол шифрді бұзу үшін 100 жылдан астам уақыт кетеді;
2. Электронды сандық қол;
3. Барлық жасалынған әрекеттер туралы толық аудиторлық іздердің болуы.

Ең бастысы сіздің логиніңіз бен пароліңізді мүмкіндігінше сізден басқа ешкім білмеуі тиіс және сіздің компьютеріңізді ешкім пайдаланбағаны жөн. Бұл ақпаратты жоғалту тәуекелін барынша төмендетіп, сіздің ақшаңыздың сақталуын қамтамасыз етеді.

Толық ақпаратты 8 800 080 0177 тікелей байланыс телефоны арқылы  
немесе [www.fingramota.kz](http://www.fingramota.kz) сайтынан алуға болады

БАНКТІК  
**ӨНІМДЕР**

Қазақстан Республикасы Алматы қаласының  
өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу  
агенттігі

Алматы, 2009